

# МУЗЫКА САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ажгереева Каламкас Букенбайевна

Қазақстан Республикасы, БҚО, Орал қаласы, физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, педагогика ғылымдарының магистрі, өнер пәні мұғалімі

## Аннотация

Мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологиялар түрлері, олардың ерекшеліктері зерттелген. Музыка пәні мұғалімінің ақпараттық-коммуникативтік технологияларды сабақта қолдану жолдары мен тиімділігі қарастырылған.

**Кілт сөздер:** ақпараттық-коммуникативтік технологиялар, мультимедия, ғаламтор, сандық технологиялар, электронды музыкалық аспаптар.

Қазақстанның білім жүйесін модернизациялау жолында алға қойған міндеттерінің бірі – жаңа білімнің пайда болу үрдісі жылдамдаған әлемде, жаңа мамандықтардың қажеттілігі, үздіксіз кәсіби даму жағдайында жас ұрпақты өмірге дайындау. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар - ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» - деген [1].

Осы мәселелерді шешуде басты рөл қазіргі заманғы адамның заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларын иеленуі, аталған дағдыларды тиімді қолдану, уақыт талабына сай болуы сипатталады. Осыған байланысты,

оқушылардың ақпараттық құзыреттілігі жалпы білім беру мектептеріндегі барлық оқу пәндерінде сонымен қатар, «Музыка» пәнін қоса алғанда, сапалы меңгерілуі қажет. Ақпараттық технологияларды пайдалану нәтижесінде мұғалімдердің өздерінің шығармашылық деңгейлерін лайықты дәрежеде нақтылауға, біліктілігін арттыруға жол ашылып, ғылыми тұрғыда жұмыс жасауына мүмкіндік туады. Теориялық ізденістер және мектеп практикасы бұл мақсатты орындау үшін бірінғай ақпараттандыру саясатын және ақпараттық-телекоммуникациялық технологияны қолдану қажеттігін көрсетіп отыр.

Педагогика ғылымында компьютерлік, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне ендіруде компьютерлік оқытудың нәтижелі құралдарын енгізу Ж. А. Караев, Е. Ы. Бидайбеков, Ж. И. Сардарова, электронды оқулықтарды, бағдарламаларды жасау Г. Б. Ахметова, С. С. Құнанбаева, Ш. Х. Құрманалина, оқу үдерісі мен ұйымдастыру құрылымына жаңа ақпараттық технологияларды кешенділетіп интеграциялау арқылы енгізу Б. Бөрібаев, М. Б. Есбосынов, Д. М. Жүсібалиева еңбектерінде зерттеледі. Компьютерлік технологияны музыка сабақтарында қолдануды Ресей педагог-ғалымдары кеңінен зерттеуде [2, 3, 4, 5].

Ақпараттық технологияның техникалық базасының дамуына байланысты жалпы білім беретін мектепте музыканы оқытуда, оларды пайдалануға мүмкіндік пайда болды. Бүкіл компьютерлік технологияның қажеттілігі және әртүрлі болуы (үш жақтылық, анимация, дыбыс, видео, дәстүрлі өнер техникаларын имитациялау) музыка сабақтарында компьютерді оқушының және мұғалімнің шығармашылығын және өздігінен білім алудың ашық оқыту, дамытушылық орта ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Музыка сабақтарында мұғалімнің ақпараттық-компьютерлік технологияны қолдануының деңгейлерінің бірі локалдық тарапта жұмыс істеу іскерлігі – компьютерлік сыныпта кіріктірілген сабақтарды өткізу болып табылады [6]. Музыкалық-компьютерлік технологиялар оқушыларды оқытудың, олардың интеллектуалдық және эмоционалды-тұлғалық дамуының жетекші құралдары болып отыр. Осыған байланысты Г.Р.Тараева

«Компьютерлік эра адамдарды ақпаратқа ғана өзінің қатынасын қайта қарап қоймай, сонымен бірге, оның коммуникативтік параметріне де осындай жағдай туды. Бүгінгі күні ақпаратты жаңаша беріп және қабылдауға, бағалауға және қолдануға тиістіміз» деді [7]. Музыка сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ішіндегі оқушыны қызықтыра алатын бұл сандық технологиялар. Сандық технологияның музыкалық дыбыстарды тудыруға, жазуға және өңдеуге көмектесетін бірнеше түрі бар, олар: «*Audacity*» бағдарламасы – дыбысты жазу, ұйымдастыру және басқаруға арналған тегін бағдарлама. Бұл бағдарлама көмегімен оқушылар өз дауысын немесе дайын әуендерді қысқарта алады немесе қажетті әуендерді біріктіріп өңдей алады. «*Soundation*» бағдарламасы – алдын ала жазылған музыкалық үлгілерді құруға немесе дыбыс жазу, ұйымдастыру және басқаруға арналған тегін сайт. Бұл бағдарламаның көмегімен оқушылар дайын сэмплдерден электронды музыка құрастыра алады, музыка шығара алады, өңдей алады. «*Киностудия*» бағдарламасы – құрастырылған музыка мен фото немесе видео біріктіру арқылы, шағын музыкалық слайд шоу, видеоүзінді жасауға арналған бағдарлама. «*GarageBand*» бағдарламасы – толыққанды музыкалық студия. Бұл бағдарламада гитара мен вокалға арналған көптеген құралдар, дайын жиынтықтар, сондай-ақ сеанстағы барабаншылар мен перкуссионисттердің тобы бар. MacBook Pro құрылғысындағы сенсорлық панельдің қолдауымен және ыңғайлы заманауи интерфейсімен оқушы өзінің музыкасын жазуды оңай үйреніп, ойнап, жаза алады. «*Онлайн пианино*» бағдарламасы – бұл компьютердегі пернетақта және тышқанның көмегімен ойнауға мүмкіндік беретін тегін онлайн пианино. Пернетақтадағы әр түйме фортепианодағы бір пернеге сәйкес келеді және бір музыкалық жазба дыбысын ойнайды. Дыбыстар тірі пианинодан жазылған ең жоғары сапаның аудио үлгілері болып табылады. Бұл бағдарлама оқушының музыкалық сауатын, нота сауатын жетілдіруде, аспапта ойнау қызығушылығын арттыруда үлкен көмегін тигізеді.

Аталған бағдарламалар көмегімен оқушылар электронды музыка шығаруда және ақпараттық-коммуникация технологияларын қолдану дағдыларын дамыта алады. Осы ретте, электронды аспаптарды айта кетуге болады, соның бірі – синтезатор. Синтезатор сан алуан дыбыстарды жаңғыртады және құрастырады. Сонымен қатар, басқа да электронды музыкалық аспаптар көмегімен музыканы жаңа түрде жеткізуге болады. Ақпараттық-компьютерлік технологияны сабақта қолданудың тиісті орындарын анық білгенде ғана, ол оқыту процесіне оң әсер етеді.

### ***Әдебиеттер тізімі***

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласы // 2017ж. сәуір.
2. Пучков С., Светлов М. Музыкальные компьютерные технологии. – СПб., 2005. – 200 с.
3. Белов Т., Горбунова И., Горельченко А. Музыкальный компьютер: учебное пособие для 10-11 классов общеобразовательных учреждений. – СПб, 2006. – 140 с.
4. Ястремский Т. Проблемы внедрения компьютерных технологий в современное музыкальное образование. – М., 2012. – 160 с.
5. Соловьева Л.Ф. Компьютерные технологии для учителя. СПб: БХВ – Петербург, 2003. – 147 б.
6. Лобанова Е.А. Использование информационно-компьютерных технологий в работе учителя музыки. / Музыка в школе. - №4 - 2013.
7. Тараева Г.Р. Компьютер и инновации в музыкальной педагогике. Книга 1: Стратегии и методики. – М.:Издательский дом «Классика –XXI», 2007.–147 б.

# **ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ МУЗЫКИ**

Ажгереева Каламкас Букенбайевна

Республика Казахстан, ЗКО, Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления г. Уральск, магистр педагогических наук, учитель искусства

## **Аннотация**

В статье исследованы типы информационно-коммуникационных технологий и их особенности. Рассмотрены эффективность и пути использования информационно-коммуникационных технологий на уроках музыки.

**Ключевые слова:** информационные и коммуникационные технологий, мультимедиа, интернет, цифровые технологии, электронно-музыкальные инструменты.